

Қазақстан Республикасында бухгалтерлік есеп пен аудитті дамыту мен жетілдірудің 1998-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 28 қаңтардағы N 3838 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Президентінің "Бухгалтерлік есеп туралы" Заң күші бар Жарлығын іске асыру мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасында Бухгалтерлік есеп пен аудитті дамыту мен жетілдірудің 1998-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілсін (қ о с а б е р і л і п о т ы р) .

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі үш ай мерзімде осы бағдарламаны іске асыру жөніндегі шараларды бекітсін.

3. Облыстардың, Ақмола және Алматы қалаларының әкімдері Қазақстан Республикасында бухгалтерлік есеп пен аудитті дамытудың және жетілдірудің 1998-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының орындалуын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

1 9 9 8

ж ы л ғ ы

2 8

қ а ң т а р д а ғ ы

N

3 8 3 8

Ж а р л ы ғ ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасында Бухгалтерлік есеп пен аудитті дамыту мен жетілдірудің 1998-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

Қазақстан Республикасында Бухгалтерлік есеп пен аудитті дамыту мен жетілдірудің 1998-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан былай - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Президентінің бухгалтерлік ақпаратты қалыптастырудың және қаржылық есептілікті табыс етудің заңдық негіздерін айқындайтын 1995 жылғы 26 желтоқсандағы "Бухгалтерлік есеп туралы" Заң күші бар N 2732 Жарлығын жүзеге асыру мақсатында әзірленді. Бағдарламаның негізгі бағыттары бухгалтерлік есеп стандарттарын және осындай есепті компьютерлендіру мәселелерін, ішкі бақылауды, тәуелсіз аудитті дамытудың, кәсіпқой бухгалтерлер институтын құру проблемаларын, сондай-ақ бухгалтерлік есеп пен аудит саласындағы халықаралық ынтымақтастық мәселелерін қамтитын бухгалтерлік есеп пен аудитті дамытудың біртұтас әдіснамалық тұжырымдамасын әзірлеу болып табылады.

Бухгалтерлік есеп пен аудитті дамыту тұжырымдамасы заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің бухгалтерлік есебінің негізін, қаржылық есептілікті қалыптастыру, табыс ету және жариялау тәртібі мен тәсілдерін айқындауға, республиканың бухгалтерлік есеп жүйесінің халықаралық жүйеге кірігуіне, сондай-ақ осы жүйенің Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің деңгейінде үйлестірілуіне жәрдемдесуге тиіс.

Бастапқы есепке алу әдіснамасын жетілдіру - халықаралық есепке алу ережелерін енгізу тұтқаларының бірі. Жоспарлы экономикада статистикалық ақпарат тек бастапқы бухгалтерлік есепке алу деректерінде қалыптасты және соған негізделді.

Сонымен қатар статистиканы халықаралық тәжірибе арқылы танылған әдіснама негізінде реформалау, ілкі құжаттардың нысандарына ең төменгі талап қою құқығын мемлекетке бере отырып, бастапқы есепке алу деректерін қолданудың бұрынғы әдістерінен бас тартуды талап етеді.

Бұл ретте барлық пайдаланушыларға табыс етілген қаржылық есептіліктің дұрыстығын қуаттауға мүдделі аудит елеулі рөл атқарады.

Бағдарламаны әзірлеудің қажеттігі, сондай-ақ өтпелі кезеңде бухгалтерлік есеп пен аудит саласында меншіктің әр түрлі нысандарындағы субъектілер үшін мемлекеттік саясатты мемлекет бақылауымен жүзеге асыру қажеттігімен де байланысты, осыған орай аталған субъектілер үшін бухгалтерлік есептің тиісті стандарттарын әзірлеу және бекіту талап етіледі.

Нарық құралдарының дамуына, бухгалтерлік есеп пен аудит саласындағы мамандардың біліктілігінің артуына, теориялық негіздердің талдануына, бухгалтерлердің кәсіптік одақтары мен қауымдастықтарының қалыптасуына, экономиканың тұрақтануына, өндіріс пен халықтың әл-ауқатының өсуіне қарай, бухгалтерлік есеп пен аудит мәселелерін реттеу жөніндегі кейбір функцияларды мемлекеттік органдардан мемлекеттік емес кәсіптік ұйымдарға беру орын алады.

II Бөлім. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның негізгі мақсаты түбегейлі экономикалық өзгерістер, халықаралық байланыстарды кеңейту және Қазақстан Республикасының әлемдік қауымдастыққа кірігуі талаптарына жауап беретін, субъектілерді пайдаланушыларға бағдарланған қажетті қаржылық ақпаратпен қамтамасыз ететін жаңа бухгалтерлік есеп жүйесін әзірлеп, енгізуді, сондай-ақ бухгалтерлік есеп пен аудит саласында мамандардың кәсіби біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету болып табылады.

Осы мақсатты іске асыру үшін мынадай міндеттерді шешу көзделеді:

Қазақстан Республикасында бухгалтерлік есеп пен аудитті дамыту және жетілдіру жөніндегі жұмыстар кешенін орындау, сондай-ақ Қазақстан Республикасында бухгалтерлік есептің жаңа жүйесіне көшуді жеделдету;

бухгалтерлік ақпараттың мәні мен мақсатына деген көзқарасты жетілдіру; зерттеулер жүргізу, субъектілердің бухгалтерлік есебінің жай-күйі мен ұйымдастырылуына талдау жасау;

бухгалтерлік есеп пен аудит мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілердің әзірленіп, қабылдануын қамтамасыз ету;

бухгалтерлік есеп пен аудит саласында заң және басқа да нормативтік құқықтық актілердің сақталуын бақылауды қамтамасыз ету;

кәсіпқой бухгалтерлер мен аудиторларды нарықтық экономика талаптарына сай қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;

бухгалтерлер мен аудиторларды сертификаттау;
аудиторлық қызметті лицензиялау;

бухгалтер мамандығына қойылатын жаңа талаптарды түзу;

бухгалтерлік есеп деректерін салық салу мақсатында негіз ретінде айқындау.

III. Бөлім. Бухгалтерлік есеп пен аудитті дамыту тұжырымдамасы

I Тарау. Жалпы ережелер

Қазақстан Республикасында есеп пен есептіліктің күллі жүйесін кешенді түрде қайта қарау және оны халықаралық ережелерге сәйкес дамыту мен жетілдіру көп жылдық тәжірибені барынша пайдаланумен және әлемдік тәжірибелерге қайшы келмейтін де әрі оны байыта түсетін әдістердің, құралдар

мен әдіснамалық шешімдердің сақталуымен үйлесуге тиіс.

Халықаралық тәжірибеге негізделген бухгалтерлік есеп пен аудиттің жаңа жүйесін әзірлеу мен енгізудің бірінші кезеңінде бухгалтерлік есеп пен аудит стандарттарына көшудің негізін қалаған шаралар кешені жүзеге асырылды.

Мәселен, бірінші кезекте бухгалтерлік есеп пен аудиттің жаңа жүйесінің әдіснамалық, ұйымдық, заңдық және басқа негіздерімен байланысты маңызды мәселелерін шешуге арналған "Бухгалтерлік есеп туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығы әзірленіп, қабылданды.

Қаржылық есептілікті дайындауға және табыс етуге арналған тұжырымдамалық негіз, бухгалтерлік есептің жиырма жалпы стандарты, субъектілердің қаржы-шаруашылық қызметінің бухгалтерлік есебі шоттарының бас жоспары әзірленіп, бекітілді.

Аудиторлық қызмет қазіргі кезде 1993 жылы қабылданған "Қазақстан Республикасындағы аудиторлық қызмет туралы" "Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі. Халықаралық талаптарды және осы Заңмен аудиторлық қызметтің реттелуінің төрт жылдық тәжірибесі ескеріле келіп, оған аудиторлық қызмет ұғымын, осы қызметтің негізгі принциптерін айқындауға, аудит саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекітуге, сондай-ақ аудиторлық қызметті аттестациялау мен лицензиялауды ұйымдастыруға қатысты принципті өзгерістер енгізудің объективті қажеттігі пайда болды.

Бухгалтерлік есеп стандарттарының, бухгалтерлік есеп шоттары бас жоспарының, жаңа компьютерлік есеп технологияларының әзірленіп, енгізілуі бастапқы есеп құжаттамасының бірізді нысандарының жиынтығын қайта қарауды қажет етеді. Бұл орайда бастапқы есеп құжаттамасын жасауға қойылатын ең төменгі талаптарды әзірлеп, бекіту әрі бұдан былай ұйымдарда бастапқы есеп құжаттарын енгізу жөніндегі жұмысты жүргізу керек.

Бухгалтерлік есеп пен аудит стандарттарының ішкі қисынды жүйесін дәйекті түрде әзірлеу Қазақстанның жалпы есеп жүйесін өтпелі кезең экономикасының талаптары мен ерекшеліктеріне сәйкестендіруді қамтамасыз етеді.

Б ұ л ү ш і н м ы н а л а р қ а ж е т :

бухгалтерлік есеп пен аудитті дамытудың тұжырымды мәселелерін пайдаланушылардың жалпы қажетін қанағаттандыруға бағытталған қаржылық ақпаратты қалыптастыруды және оның дұрыстығын растауды қамтамасыз ету негіздері ретінде айқындау;

бухгалтерлік есептің, қаржылық есептіліктің, аудиттің ұйымдастырылуы мен әдіснамасын айқындайтын бухгалтерлік есеп стандарттары мен ұсынымдар жүйесін құру, сонымен отандық және шетелдік мамандардың есеп және есептілік ақпараттарын түсінудегі айырмашылығын жою;

аудиттің ұйымдастырылуы мен әдіснамасын халықаралық талаптарға сәйкес

айқындайтын аудит стандарттарын әзірлеу.

Аталған мақсаттарға қарай:

бухгалтерлік есеп пен аудит теориясының (негіздерінің)
тұжырымдамасын;

қаржы және басқару есебінің тұжырымдамасын әзірлеу керек.

Сонымен бірге бухгалтерлік есеп пен аудит мынадай бағыттарда
дамуда тиіс:

кәсіпкерлік ісіндегі бухгалтерлік есеп;
бюджет қаражаты есебінен қамтылған ұйымдардағы бухгалтерлік
есеп;

коммерциялық емес ұйымдардағы бухгалтерлік есеп;
ішкі бақылау және тәуелсіз аудит;
бухгалтерлік есепті компьютерлендіру.

2 Тарау. Кәсіпкерлік ісіндегі бухгалтерлік есеп

1 бөлік. Жалпы ережелер

Істің жай - күйі

Республика үшін бухгалтерлік есептің неғұрлым қолайлы үлгісін анықтау
үшін әлемнің экономикалық жағынан дамыған елдерінің бухгалтерлік есеп
жүйелері зерделенді.

Біздің елімізде мемлекеттік және жеке меншікке негізделген нарықтық
экономиканың қалыптасып келе жатқанына, шаруашылық субъектілері үшін
айналымдық қаражаттың негізгі көзі инвестициялар болатынына қарай,
сондай-ақ субъектілердің әлемдік рынокта өздігінше шығу мүмкіндігін ескере
келе, Қазақстан экономикасының дамуы үшін неғұрлым қолайлы үлгі негізіне
Бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттары алынған бухгалтерлік есептің
үлгісі болып табылады. Бухгалтерлік есептің осындай стандарттарына көшудің
негізін салған шаралар кешені Қазақстанда жасалған. Сонымен бірге ел
экономикасы салаларының ерекшеліктерін бейнелейтін бухгалтерлік есеп
стандарттарын қосымша әзірлеу қажет.

Қор рыногының қалыптасуы мен дамуы, жекешелендіруді жүргізу, дәрменсіз
шаруашылық субъектілерін оңалту, шаруашылық жүргізудің және басқа да
көптеген аспектілері қаржылық ақпараттың сапасын рынок субъектілерінің
қаржы-экономикалық мүдделеріне сәйкес келтіру мәселелерін алға тартып отыр.

Сондай-ақ шағын бизнесті қолдау және оған жан-жақты көмек көрсету
жөніндегі арнаулы бағдарламаны іске асыру мақсатында есеп пен салық салу
жүйесін жеңілдетуге мүмкіндік беретін бухгалтерлік есеп рәсімдерін әзірлеу

М а қ с а т

Ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелерін объективті бағалауға және дұрыс қаржылық есептілік құрастыруға мүмкіндік беретін бухгалтерлік есептің біртұтас әдіснамалық тұжырымдамасын жасау, бухгалтерлік есеп стандарттарын әзірлеу қажет.

Негізгі іс-шаралар

Бухгалтерлік есепті дамыту мен жетілдіру қаржылық ақпаратты қалыптастырудың тұжырымдамалық негізі мен бухгалтерлік есептің стандарттарына қосымша мыналарға:

жеке сектордың субъектілеріне:

мемлекеттік сектордың кәсіпорындарына арналған бухгалтерлік есеп стандарттарын әзірлеуді талап етеді.

Бухгалтерлік есеп пен аудит стандарттарының және әдіснамалық ұсыныстардың тұжырымдамасы есептің негізгі ұғымдары мен қағидалары кешенінен туындауға тиіс, олар мыналарды қамтиды:

аталған стандартқа қатысты анықтамалар, олардың экономикалық мазмұны және есеп пен есептілікке қатысты нақтылау;

- шаруашылық операцияларын құжаттау, оларды ағымдық бақылау, өлшеу және тіркеу;

- есептік ақпаратты жүйелеу мен қорытудың жалпы қағидаларын қолдану;

- қаржылық есептілікте көзделген тұрғыда бухгалтерлік есеп шоттарындағы шығарылатын ақпаратты қалыптастыру;

- субъектінің бухгалтерия қызметкерлері мен басқару қызметкерлері және басқа тұтынушылар оны тікелей пайдалануы үшін есептілікті ашу;

қаржылық есептілікте көрсетілген қаржылық ақпараттың дұрыстығын растайтын рәсімдер негізінде есептің әдіснамасы мен қаржылық есептілікті қалыптастыруды бейнелейтін стандарттың мазмұны.

Бастапқы құжаттарды өңдеу принциптері түрлерінің өзгеруіне, шаруашылық операциялары ағымының ұлғаюына қарай бухгалтерлік есепті толық компьютерлендіру қажеттігі туындайды. Сонымен бір мезетте бастапқы есеп құжаттарын бухгалтерлік есептің реформаланған жүйесінің талаптарына сәйкес қайта қарау қажет.

2 бөлік. Жеке сектор субъектілерінің бухгалтерлік есеп стандарттары

Коммерциялық ұйымдар есебінің әдіснамасын айқындайтын бухгалтерлік есеп стандарттары:

Материалдық емес активтер (ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарға арналған шығындар, санаткерлік меншік және т.б.);
заемдар бойынша шығындар;

баланстық есеп беру күнінен кейін орын алған күтілмеген оқиғалар мен шаруашылық қызмет оқиғаларын бейнелеу жөніндегі стандарттар;
мемлекеттік субсидияларды есептеу стандарттары;
заңды тұлғаларды қайта құру кезіндегі есеп стандарттары;
бухгалтерлік есептің салалық ерекшеліктер мен қызмет өзгешелігін (ауыл шаруашылығындағы, қаржы ұйымдарындағы есеп) бейнелейтін арнаулы стандарттар және басқалар.

Коммерциялық емес ұйымдардағы есептің әдіснамасын айқындайтын бухгалтерлік есеп стандарттары:

коммерциялық емес ұйымдардағы бухгалтерлік есептің әдіснамасы мемлекеттік кәсіпорындардағы есеппен бірдей, өйткені мұндай ұйымдардағы бухгалтерлік есептің негізгі үлгісі әрбір қор үшін оқшауланған, сондықтан активтер мен міндеттемелерді нақтылап бөлудің қажеттігі жоқ;

бухгалтерлік есеп жүйесі шоттардың арнайы таңбаланған жоспары тиісінше пайдаланылған кезде әрбір қордың таза активтерін бөлмей әрбір қор үшін дербес бухгалтерлік есеп жүргізілуін қамтамасыз етеді. Коммерциялық емес ұйымдардың кірістері мен шығыстары қаржылық есеп беру мақсатына сәйкес келетін әдіс бойынша есептеледі. Бұл үшін коммерциялық емес ұйымдардың қызметін есептеудің өзгешелігін көрсетілгендей стандарттар әзірлеу қажет.

Жеке кәсіпкерлік іс есебінің әдіснамасын айқындайтын бухгалтерлік есеп стандарттары:

жеке кәсіпкерлік саласында қаржылық ақпаратты қалыптастыруды жеңілдету үшін есептік құжаттамада шаруашылық операцияларын бейнелеу тәртібін айтарлықтай жеңілдету және оның көлемін қысқарту қажет. Бұл үшін мынадай ережелер:

есеп саясатының барлық талаптары сақталып өзіндік өндіріс пен басқару мұқтаждарына, оның көлеміне және қызметкерлердің санына қарай бухгалтерлік есептің оңайлатылған нысанын жүргізу құқығын беру;

бірыңғай әдіснамалық негіз (екі рет жазу принципі);

аналитикалық және синтетикалық есеп деректерінің өзара байланысы;

бастапқы есеп құжаттарының негізінде тізімдемелерде барлық шаруашылық операцияларын жаппай көрсету;

бастапқы құжаттардың деректерін бухгалтерлік есепті жасауға қажетті көрсеткіштер тұрғысында жинақтау және жүйелеу;

шағын бизнестің мұқтаждары бойынша активтердің, міндеттемелердің, өзіндік капиталдың есебін жүргізуге мүмкіндік беретін бухгалтерлік есеп

шоттарының бас жоспары негізінде субъектінің қаржы-шаруашылық қызметі бухгалтерлік есеп шоттарының бас жоспары негізінде субъектінің қаржы-шаруашылық қызметі бухгалтерлік есебі шоттарының жұмыс жоспарын талдап жасау ескеріле отырып, бухгалтерлік есеп стандарттары мен оларға арналған әдіснамалық ұсыныстарды әзірлеу қажет.

3 бөлік. Мемлекеттік кәсіпорындардың бухгалтерлік есеп стандарттары

Республика заңдарына сәйкес мемлекеттік кәсіпорындар: шаруашылық жүргізу құқығына негізделген; жедел басқару құқығына негізделген (қазыналық кәсіпорын) кәсіпорындар
б о л ы п б ө л і н е д і .

Шаруашылық жүргізу құқығына негізделген кәсіпорындар бухгалтерлік есептің жалпы стандарттарын, сондай-ақ мұндай субъектілер қызметінің ерекшелігін көрсететін арнаулы бухгалтерлік есеп стандарттарын басшылыққа а л у ғ а т и і с .

Қазыналық кәсіпорындар жекеше сектор кәсіпорындарының бухгалтерлік есеп стандарттарын да, мемлекеттік кәсіпорындардың бухгалтерлік есеп стандарттарын да пайдалана алады.

Мемлекеттік кәсіпорындарда бухгалтерлік есеп стандарттары жүйесі мемлекеттік кәсіпорындардың қаржылық жағдайын және қаржылық қызметінің нәтижелерін қалтқысыз бейнелеуге және қаржылық мәселелері реттейтін заң ережелеріне сәйкес болуға тиіс.

Осы кәсіпорындардың қаржылық есептілігінің күллі мақсаты есепті болу тұжырымдамасында айқындалады.

Сонымен, мемлекеттік кәсіпорындар үшін: қаржылық есептілік түрін айқындайтын; өндіріс шығасысын есепке алу тәртібін айқындайтын; кірістердің белгілі бір түрлерін (кірістерді, гранттарды, субсидияларды, үлестік түсімдерді) және басқаларды есепке алу стандарттарын әзірлеу қажет.

3 Тарау. Бюджет қаражаты есебінен қамтылған ұйымдардың бухгалтерлік есебі

І с т і ң ж а й - к ү й і

Мемлекеттік қаржыны жүргізудің халықаралық практикасына негізделген, кірістер мен шығыстардың жаңа бюджеттік сыныпталуына сәйкес қаржы операцияларын есепке алу үшін бюджет жүйесінде қолданылатын және мұндай ұйымдардың бухгалтерлік есебіне тиісті өзгерістер енгізуді талап ететін

Шоттардың бірыңғай стандарттық жоспары әзірленді.

Сондай-ақ бір мезгілде мемлекеттік басқаруға арналған шығыстарды мейлінше кеміте отырып, мемлекеттік қызметтердің ретті жұмыс істеуі үшін қажетті ресурстарды бюджеттік ұйымдардың уақытылы алуы арқылы мемлекеттік ресурстарды оңтайлы қаржылық басқаруға жәрдемдесуге арналған ұлттық Қазынашылықтың құрылымы айқындалды. Қазынашылықтың маңызды функциясы бухгалтерлік есеп болып табылады, ол қаржы мәселелері бойынша мемлекеттік басқару органдарының ақпараттық жүйесіне айналуға тиіс.

Мемлекеттік органдардың мемлекеттік басқару функциясымен қатар коммерциялық қызметті де жүзеге асыратынын атап өту керек. Мұның өзі есеп пен есептіліктің әр түрлі ережелерінің әзірленуіне алып келеді. Халықаралық есеп практикасында коммерциялық қызмет үшін әзірленіп, белгіленген қаржылық есептілік мақсаттарын бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар үшін де пайдалануға болатыны танылған. Мәселен, Қаржылық есеп стандарттары жөніндегі кеңес мәлімдеген бухгалтерлік есептің көптеген принциптері мемлекеттік органдар жүзеге асыратын коммерциялық қызметке қ о л д а н у ғ а к е л е д і .

Бюджеттік ұйымдардың қаржылық есептері осындай ұйымдардың қабылданған бюджетке сәйкес келетін қаражатты анықтауы, алуы және пайдалануы әрі қаржы мәселелеріне қатысы бар заң талаптарын аталған ұйымның орындауы үшін негізді қамтамасыз етуге тиіс.

Осы орайда мемлекеттік ресурстарды басқаратын тұлғалардың есепті болуы мен заңға тәуелділігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекет мүлкін есепке алудың бухгалтерлік рәсімдерін нақты жіктеуге мүмкіндік беретін бухгалтерлік есеп стандарттарын әзірлеу қажеттігі туындайды.

М а қ с а т ы

Бюджеттік ұйымдардың қаржылық есептілігін түзген кезде есепті болу негізгі мақсат ретінде айқындалады. Осы орайда қаржылық есептілік:

бюджеттік ұйымдарға - жариялы түрде есепті болуға және пайдаланушылардың есепті болу дәрежесін бағалау мүмкіндігін қамтамасыз е т у ғ а ;

пайдаланушыларға - осындай ұйымдардың жыл бойындағы қызметінің нәтижелерін және осындай ұйымдардың көрсетуі мүмкін қызметтер сапасының деңгейін, сондай-ақ өз міндеттемелері бойынша олардың жауап беру қабілетін бағалауға жәрдемдесуге тиіс.

Қаржылық есептілік пайдаланушылардың топтарына ағымдағы кезеңнің шығыстары қандай дәрежеде ағымдағы кезеңнің кірістерімен жабылатынын анықтау мүмкіндігін қамтамасыз еткен кезде есепті болудың дәрежесін бағалау і ш і н а р а жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Негізгі шаралар

Қаржылық есептілікті қалыптастыруға және бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың оларды пайдалануына арналған бухгалтерлік есеп принциптері мен әдістерін айқындау қажет.

Соларға сәйкес қорлардың және шоттар тобының қаржылық қызметінің қаржылық жағдайы мен нәтижелерін ашу рәсімдерін әзірлеген және сипаттап жазған жөн.

Сондай-ақ түсімдер мен бюджет қаражатын жұмсау жазбаларының, тұтастай алғанда мемлекеттік мүліктің есебін, соның ішінде:

бюджет қаражатын пайдалануды;

коммуналдық меншік қаражатының және басқа қаражаттың пайдаланылуын;

бюджет жүйесінде Шоттардың бірыңғай стандартты жоспарының кезең-кезеңмен енгізілуін;

бухгалтерлік есептің жаңа жүйесінде жұмыс істеу жөнінде мамандарды оқыту мен қайта даярлауды қоса, орталықтандырыла жүргізілуін қамтамасыз ететін бухгалтерлік есептің кіріктірілген жүйесін құру қажет.

4 Тарау. Бухгалтерлік есепті компьютерлендіру

Бухгалтерлік есепті компьютерлендіру ұйымдардағы есеп жұмысын жолға қоюға жаңа сапалық негізде елеулі ықпал жасайды, бастапқы құжаттарды өңдеудің принциптері өзгереді, негізгі ауыр жұмыстар автоматтандырылған режимде орындалатын болады, есеп қызметкерлері деректерді өңдеуге тікелей атсалысады.

Қолданылып жүрген бухгалтерлік бағдарламалық қамсыздандыру пайдаланушылар үшін елеулі проблема туғызуда. Компьютерлендірілген бухгалтерияға қойылатын арнап бекітілген стандарттық талаптар жоқ, компьютерлік бухгалтериялық технология бекітілмеген және тіпті қазақ әліппесі әріптерінің стандарттары танылмаған. Бухгалтерлерді автоматтандырылған есеп технологияларына оқытуға қол жетпеуінен проблема тереңдей түсуде.

Сонымен компьютерлік есепті дамыту үшін мыналар қажет:

есеп технологияларының компьютерлік қырларын стандарттау;
мемлекеттік органдардың бағдарламалық өнімдерді сертификаттау рәсімін ұйымдастыру;

сертификатталған бағдарламалық жүйелерді әзірлеу мен алып жүрудің дамыған инфрақұрылымын жасауға арналған бағдарламалық қамсыздандыруды жасаушыларды қолдау бағдарламасын әзірлеу.

Бұл ретте бухгалтер және компьютерді пайдаланушы мамандығын игеруге және өзі алатын нәтижелердің дұрыстығы үшін жауап беруге тиіс.

IV Бөлім. Ішкі бақылау

Субъектінің шаруашылық жүргізуінің тиімділігі көбінесе жақсы жолға қойылған жедел есеп жүйесіне, бухгалтерлік құжаттардың дұрыстығын қамтамасыз етуге, запастардың сақталуына байланысты болады. Осының бәрі ішкі бақылаудың мәнін құрайды. Ішкі бақылаудың жай-күйіне жасалған талдау шаруашылық жүргізуші субъектілердің басшылары мен олардың басқару аппаратының өздерінің бухгалтерлік жүйесі мен бақылау элементтерінен бейхабарлығын көрсетеді. Қолданылып келген ведомстволық бақылау жүйесі болса ішінара жойылған.

Сонымен бірге ішкі бақылауға деген қажеттілік мынадай себептерден туындайды:

субъектінің ұйымдық құрылымының күрделене түсуінен (еншілес және тәуелді ұйымдардың болуы және т.б.);

қызмет түрлерінің әр алуандығынан;

басшылықтың басқарудың барлық деңгейіндегі менеджерлердің іс-әрекеттеріне жеткілікті түрде әділ және тәуелсіз баға алуға ұмтылысынан;

іскер серіктестер тарапынан сенім дәрежесінің артуынан.

Ішкі бақылаудың мақсаты есеп саясатын да қоса алғанда, субъектінің экономикалық саясатының сақталуына сарапшылық баға беру, оның барлық құрылымдары жүзеге асырып келген ішкі бақылаудың жұмыс істеуіне баға беру болып табылады. Таза бақылау сипатындағы міндеттерден өзге, ішкі бақылау қаржы стратегиясын талдап жасау, экономикалық диагностика маркетингтік зерттеулер, басқарушылық консультациялар міндеттерін және басқаны шешеді.

Осы жүйені әзірлеу, барлық құрылымдық бөлімшелердің шаруашылық қызметінің нәтижелеріне талдау жүргізу функцияларын орындауы үстінде олармен ақпараттық байланысты мұқият ұйымдастыруға, яғни қойылған мақсаттарға нақты баға беру мақсатында, оның шаруашылық операцияларына мезгіл-мезгіл шолу жасап тұруға бағытталуы тиіс.

Субъектінің ішкі бақылау жүйесін құруына көмектесу үшін меншік иесіне қойылатын ең төменгі талаптарды талдап жасау қажет, олар:

бақылаудың жалпы саясатын;

есеп деректерін өңдеу жүйесін;

бақылау рәсімдерін орнықтыруды қамтиды.

V Бөлім. Тәуелсіз аудит

Аудитордың міндеті - субъектінің қаржылық есептілігінің дұрыстығын және есептің белгіленген ережелеріне сәйкес келетінін растайтын кәсіби аудиторлық

қ о р ы т ы н д ы

ж а с а у .

Нарықтық экономикада субъекті басшыларының және пайдаланушылардың оның қаржылық жай-күйі туралы ақпарат табыс етілген кезде мүдделерінің сәйкеспеуі объективті орын алып отырады. Субъектінің бухгалтерлік есебі мен қаржылық есептілігін тексеру және оның бухгалтерлік есеп стандарттарының талаптарына сәйкес келуі тәуелсіз аудит процесінің жүзеге асырылуы ретінде с а н а л а д ы .

Республикада Аудиторлық қызмет туралы заң жұмыс істейді, аудиттің бірқатар жалпы стандарттары танылып жасалды. Мемлекеттік сектор аудитіне келетін болсақ, ол бірнеше тежеуші факторлардың:

аудит функцияларын қайталаудың (бұл тек республикалық бюджетке қ а т ы с т ы) ;

аудиттің практикада қолданылып жүрген осы заманғы әдістерінің б о л м а у ы н ы ң ;

аудит стандарттарының болмауының;

құқықтық базаның сәйкессіздігі мен бара-бар қолдау тетіктерінің болмауының ықпалында қалып отыр.

Алайда, ең басты проблема аудитордың қаржылық басқаруды жақсартуға елеулі үлес қоса алмай отырғандығы болып табылады: ол шамадан тыс жекелеген жолсыздықтарды анықтауға және оған тойтарыс беруге бағытталып, жолсыздық орын алуы мүмкін жүйелерге баға беру мен олардың сәйкестігін бейнелеуге жеткілікті дәрежеде көңіл бөлмейді.

Аудиттің мақсаты қаржылық есептер бойынша пікірлерді қалыптастыру және пайдаланушыларға кейіннен аудитор қорытындысын табыс ету болып табылады. Бұған қол жеткізу үшін аудитор аудиторлық қызметтің нәтижелерін салыстырудың бірыңғай сапалық өлшемдерін айқындайтын және қаржылық есептілік дұрыстығы мен оның бухгалтерлік есеп жүргізудің жалпы қабылданған принциптеріне сәйкестігі жөніндегі аудиторлық пікірді білдіруде мейлінше әдеттілікке қол жеткізуге мүмкіндік беретін стандарттарды басшылыққа алуға т и і с .

Аудит жүйесінің ойдағыдай енгізілуі мынадай бірінші кезекті міндеттерді ш е ш у д і к ө з д е й д і :

аудитті жаңаша заң жүзінде айқындау және өтпелі кезеңде аудиторлық қызметтің нормативтік базасын қалыптастыру, аттестациялау мен лицензиялауды ұйымдастыру бөлігінде мемлекеттік реттеуді жолға қою;

ең алдымен жолсыздықтар мен кемшіліктерді анықтауға бағытталған, мемлекеттік мекемелердің жұмысына ішкі бақылау жасау нысанында жүргізілуі мүмкін мемлекеттік аудит жүйесін құруға мүмкіндік беретін мемлекеттік бақылауды, сондай-ақ мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын органдар

қызметінің тиімділігіне тәуелсіз баға беруді мақсат тұтатын аудитті жүзеге асыру негіздерін айқындау.

Аудиттелетін субъектілердің әр түрлі типтерінің сипаттамаларын және аудит жөніндегі есептер арналып отырғандардың қажеттіктерін ескере отырып, жекеше, сондай-ақ мемлекеттік сектор үшін аудит стандарттарын әзірлеп, бекіту жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қажет.

Жекеше сектор үшін:

қаржылық есептілік аудитінің мақсаты мен жалпы принциптерін;
аудитті жүргізу шарттарын;
аудит рәсімдерін құжаттық ресімдеудің;
қаржылық есептілікті тексеру туралы аудиторлық қорытынды жасау шарттарын;

аудиттің жүзеге асырылу сапасын бақылау тетігін;
аудиттелетін субъектінің аудиторларға беретін ақпаратын және аудитті жүзеге асыру барысында аудиторлардың аудиттелетін субъектіге беретін ақпаратын айқындайтын стандарттарын әзірлеу қажет.

Мемлекеттік сектор үшін:

мемлекеттік ұйымдар қызметінің үнемділігі мен ұтымдылығын айқындауға;
тұтас алғанда мемлекеттік бағдарламалардың немесе олардың жеке құрамдас бөліктерінің тиімділігіне баға беруге;

бақылаудың басқару жүйесінің бағдарламаның тиімділігін айқындау үшін жарамдылығына баға беруге бағытталған стандарттар қажет.

Аудит саласындағы реформаларды ойдағыдай жүргізу мақсатында аудитордың біліктілік куәлігін алуға үміткерлерді даярлауды, қайта даярлауды және аттестациялауды, аудиторларға үздіксіз кәсіптік білім беру жүйесін тиісті деңгейде ұйымдастыру, сондай-ақ аудиторларды ақпараттық және әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету қажет.

VI Бөлім. Кәсіпқой бухгалтерлер институтын құру

Нарыққа көшуге байланысты қаржы қызметкерлерінің ең көп санды тобы - бухгалтерлердің рөлі түбегейлі өзгереді. Бухгалтерлер рөлінің өзгеруі, бір жағынан, осы кәсіпке деген қоғамдық қызығушылықтың үздіксіз өсуіне, екінші жағынан, субъектінің нарықтық экономикаға сауатты енуі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға жетелейді.

Бүгінгі таңда Қазақстанда дәйекті білім берудің аса маңызды бағыттарының бірі дамыған нарықтық экономикасы бар барлық елдерде ерекше рөлі танылып отырған бухгалтерлерге кәсіптік білім беру болып табылады.

Мұның өзі бірқатар себептерге байланысты:

біріншіден, бухгалтердің жұмысын орындау үшін қажетті білім-білік ауқымының кеңеюі, аталған құбылыс болашақта үдемелі қарқынмен жүріп
о т ы р а д ы ;

екіншіден, бухгалтерлердің іс-әрекетін белгілі бір дәрежеде реттейтін стандарттар мен басқа да нормативтік-құқықтық актілердің қабылдануы;

үшіншіден, компьютерлік техниканы қолдау мен басқару шешімдерін есептік тұрғыда негіздеуге арналған талдаудың сандық әдістерін күнделікті жұмыста пайдалану қажеттігі әсерімен бухгалтерлік жұмыс технологиясының өзгеруі;

және ақыр соңында, қоғам өмірінде бухгалтер рөлінің көтерілуі, мұның өзі оған жұмыстың сапасы үшін тиісті міндеттер мен жауапкершілік жүктейді.

Сонымен қатар, елде үздіксіз кәсіптік білім беру жеткілікті жоғары деңгейге жеткен жоқ. Көптеген жағдайларда оқыту қысқа мерзімді курстар деңгейінде жүргізіледі. Практикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру жөніндегі әдістемелік орталық жоқ.

Таяу болашақтағы нақты қажеттіктерге қарай, бухгалтерлердің біліктілігін арттыру жүйесін жаңа деңгейге көтеру қажет және осы кезеңде мамандардың бухгалтерлік есептегі кез келген өзгерістер кезінде өздерінің міндеттерін ойдағыдай орындауға дайындығын қамтамасыз етуге тиісті бухгалтерлік есеп стандарттарын, жаңа компьютерлік технологияларды игеруіне және республикада нарықтық қатынастарды дамытуда мамандардың практикалық қызметте кездесуіне тура келетін ахуалдар шешімін табу дағдыларын игеруіне жағдай жасау керек.

Практикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру жөніндегі міндеттерді іске асыру үшін бухгалтерлердің үздіксіз кәсіптік білім алуының, бухгалтерлердің кәсіби деңгейін көтерудің, бухгалтерлерді аттестациялаудың, оқу бағдарламаларын сертификаттаудың орталығына айналуға тиісті кәсіпқой бухгалтерлер институтын, сондай-ақ кадрларды қайта даярлау жөніндегі оқу орталықтарын құру қажет.

Кадрларды қайта даярлау жүйесі мынадай принциптерге негізделуге тиіс: кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесінің үйлесімділігі, үздіксіздігі және көп сатылылығы;

мамандардың өз біліктілік деңгейін көтеруге жеке мүдделілігі; шетел бухгалтерлердің біліктілігін арттыру жүйесімен кірігу.

Кәсіпқой бухгалтерлер институтын құру бөлігінде, оқу жоспарын, оқу бағдарламаларын, кәсіпқой бухгалтерлерді қайта даярлауға қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеп, бекіту қажет.

Кәсіпқой бухгалтерлер институтының негізгі бағыттары мынаған келіп саяды :

бухгалтердің кәсіптік қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеп,

б е к і т у ;

бухгалтерлердің кәсіптік қызметінің жаңа түрлерін, сондай-ақ осы қызмет ережелері мен стандарттарын айқындау;

республикалық және халықаралық ұйымдардың өтеусіз көмек қаражаты есебінен бухгалтерлерді оқытып, кейін сертификаттауды жүзеге асыратын оқу орталықтарын құру .

Кадрларды қайта даярлау жөніндегі жұмысты жүзеге асырудағы негізгі міндет - бұл мына бағыттар бойынша бухгалтерлерді даярлаудың бірыңғай бағдарламасын әзірлеу ;

бухгалтерлерді (шағын бизнес кәсіпорындары үшін, орташа және шағын кәсіпорындар үшін, талдаушы бухгалтерлерді, бас бухгалтерлерді, аудитор бухгалтерлерді, ұйымдардың, басқармалардың, мемлекеттік кәсіпорындар мен басқа да мекемелердің басшыларын, колледждер мен жоғары оқу орындарының оқытушыларын) қайта даярлау ;

бухгалтерлердің шетелде тағылым алуы үшін шетелдік оқу орталықтарымен байланыстарды дамыту ;

қаржы саласы үшін кадрлар даярлау, оқытудың типтік бағдарламасын әзірлеу мәселелерінде жоғары оқу орындарының жұмысын мемлекет тарапынан реттеу;

қазақ және орыс тілдерінде оқулықтар (бухгалтерлік есеп теориясы бойынша, бухгалтерлік есеп бойынша, аудит бойынша, қаржылық талдау бойынша, қазақ және орыс тілдеріндегі бухгалтерлік терминдер сөздігін) жасау.

VII Бөлім. Халықаралық ынтымақтастық

Республика 1993 жылдан бастап Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің Бухгалтерлік есеп пен аудит мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесінің мүшесі болып табылады, оның негізгі мақсаты есеп пен аудит жүйесін реформалау жөніндегі жұмыстарды жүргізу болып саналады.

Аталған Кеңестің маңызды қадамы "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдеріндегі бухгалтерлік (қаржылық) есептіліктің негізгі принциптері", "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше елдердегі кәсіпорындардың бухгалтерлік, (қаржылық) есептілігін түзудің жалпы ережелері" атты құжаттарды әзірлеп, қабылдауы болып табылады .

Сонымен қатар бухгалтерлік есеп стандарттарын әзірлеу, оларды үйлесімді ету, ұлттық мүдделерді қорғау, қайталаушылыққа жол бермеу жөнінде ойдағыдай жұмыс істеу үшін бухгалтерлік есеп пен аудит жөніндегі халықаралық кәсіби ұйымдарға атсалысу қажет.

Бухгалтерлік есептің ұлттық стандарттары мен аудит стандарттарын дамыту, қаржы мәселелері саласындағы техникалық зерттеулер жөніндегі жұмысты

үйлестіру, мемлекеттік мүдделерді қорғау мақсатында халықаралық байланыстарды өрістетуге және әлемдік қауымдастыққа кірігу қажет.

Бухгалтерлік есеп пен аудит жөніндегі халықаралық ұйымдарға мүше болу
ж ә н е қ а т ы с у :

бухгалтерлік есеп пен аудит жөніндегі стандарттарды әзірлеуге ықпал етуге және республиканың аймақтық мүдделерін қорғауға ұмтылуға;

бухгалтерлер мамандығы мен бухгалтерлердің халықаралық танылған біліктілігінің белгілі бір типін өзара тану жөніндегі талаптарды талдап жасауға біліктілікпен қарауға мүмкіндік береді.

Халықаралық байланыстарды дамыту мен әлемдік қоғамдастыққа кірігу
с а л а с ы н д а :

Бухгалтерлердің Халықаралық Федерациясына;

Есеп пен есептіліктің халықаралық стандарттарын әзірлеу жөніндегі сарапшылардың үкіметаралық жұмыс тобына мүше болу қажет.

Сонымен бірге басқа да халықаралық кәсіптік одақтармен қарым-қатынасты бұдан былай да дамыта берген жөн.

Сол сияқты бухгалтерлік есеп пен аудитті жетілдірудің негізгі бағыттарын айқындау және оларды Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің Бухгалтерлік есеп пен аудит мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесінің жұмысына белсене атсалысу арқылы іске асыру, сондай-ақ бухгалтерлік есеп, аудит, салық салу және басқа да қаржы мәселелері бойынша ақпарат алмасу жөніндегі ақпараттық желіні дамыту қажет.